

МӘДЕНИЕТ ФИЛОСОФИЯСЫНДАҒЫ АДАМ МӘСЕЛЕСІ

КАИРОВА Б.Е.*, АМАНИЯЗОВА Б.А.

*Каирова Бакит Елюбаевна - Профессор, философия ғылымдарының докторы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: kairovabakit8@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-4797-6330>

Аманиязова Бағдагүл Айтбайқызы - Магистр, оқытушы, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ., Қазақстан.

E-mail: baqdaqul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

Андатпа. Бұл мақалада автор психологиялық субъект тұрғысынан адам ерік жігерінің маңыздылығын батыс ойшылдарының ізденістерімен ұштастыра отыра, адам болмысының құндылықтық мәніне назар аударады. Адамды қарастырудың философиялық тәсілдері жеткілікті. Ежелгі заманнан бері адамның мәндік сипатын, оның өмірдегі орнын анықтауға ұмтылған философтар болған. Ежелгі Батыс философиясында адам мәселесіне қарай бетбұрыс жасаған алғашқылардың бірі Сократ - адамның мәнін оның моральдық табиғатынан іздеп, оның құндылықтар мәселесімен байланысты екенін көрсетуге ұмтылды, Протогор «дүниенің бар өлшемі адам» деп, бар мәселені шешуде оның қабілет мүмкіндіктерін алға тартты, ал Шығыс философиясында адам мен табиғат үйлесімділігінен туындаған «жетілген адамның», моральды-этикалық борышын өтей алатындығына назар аудара отыра, оны құрметтеу, бағалау керектігін тұжырымдады. Біздің ойымызша, сондай ізденістердің ішінде философия мен адам психологиясының ықпалдасуы арқылы мәселені тереңірек түсінуге және көптеген жаңа міндеттерді шешуге бағдар беретін жұмыстарға назар аударуға болады. Мақсатымыз адам болмысының мәнін басқа ғылымдардың ізденістеріне жүгіне отыра түсіндіру. Қазіргі таңда орын алып отырған мәселелер қатарында, қанша жылдар өтсе де адамды қоршаған мазасыздықты көреміз: өз еркіндігінен бас тартып, оны тіпті қажет болған жағдайда әртүрлі ықтимал диктаторларға беріп қоюы, немесе оған бей-жәй қарап жүргенде оны жоғалтып алуы да қызық болып көрінеді, солай адам еріксіз машинаның жәй бөлшегіне айналып жатқанын байқамайтындай болады.

Түйін сөздер: адам, мәдениет, философия, өзін-өзі жүзеге асыру, руханилық, антропология

Кіріспе. Көптеген ғылыми әдебиеттер дүниені, қоршаған ортаны танып-білудің түп негізін адаммен байланыста көрсетеді. Мәдениет философиясының тарихы да адамның мәдени құндылықтар жүйесінің негізіне айналуында оның сан ғасырлар бойы жинаған рухани тәжірибесі (білім, ғылым, тәрбие, өнер, салт-дәстүр және т.б.) мен материалдық жетістіктерінің (техника, технологиялар, ғарыш кемелері, зәулім ғимараттар, құрылыс кешендер т.б.) маңызды болғанын анықтайды. Солай, барлық дүние адам арқылы, оның ойлау тәсілдері мен өмір сүру салты, жетістіктерді бағалау дәстүрі, күрмеуі көп күрделі мәселелерді шешіп іске асыра білуі, тағы осындай көптеген мысалдар арқылы мәдениет құндылықтарының жасалатынын дәлелдейді.

Адамзат мәдениетінің локомотиві болып табылатын адамды танып білмей, оның қандай да бір құндылықтарға ерікті ұмтылысын анықтамай, өмірдің мәнін ұғынудағы бағдарын білмей, ішкі сезімдерін, ой-толғаныстарын түсінбей тұрып адамды қадірлеу, оны бағалау және сол құндылықтардың қоршаған дүниемен қатынастағы рөлін, өсіп өркендеу жолындағы ықпалын түсіну мүмкін болмас еді. Өйткені бұлардың бәрі бір-бірінен туындайтын үрдістер. Ең бастысы, адамның өзі басты құндылық екенін оның болмыстық, психологиялық және танымдық қырларынан түсінуге болады [1].

Уақыт өте келе не өзгерді дейтін болсақ, аса байқалатындай ештеңе көрінбейді. Өлбетте, еркіндік алдындағы адамның қорқыныш себептерін туындататын, тынышсыздық және автоматқа айналып кетуге деген дайын тұрушылық соңғы кездері азайып, тіпті жойылып кетудің орнына, үдей түсті. Солай бас құндылығымыз – адам, әлсіреп бара жатыр деуге амалсыздан келісеміз, өйткені ол өзіне байқалмайтын тәуелділікке қарай бағыт алғандай көрінеді.

Зерттеудің мақсат-міндеттері адамның бүгінгі таңда өзгеруіне себеп болатын

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences психологиялық, рухани-адамгершілік, дүниетанымдық факторларды анықтау. Олардың адам өмірін ұйымдастырудағы ықпалы мен қоғам алдындағы жауапкершілігін белгілеудегі маңыздылығын қарастыру. Міндетіміз адам болмысының мәнін белгілі ғылыми-теориялық тұжырымдамаларға жүгіне отыра түсіндіру.

Зерттеудің негізгі нысаны ғылыми еңбектердің ішінде мәдениет философиясы мен адам психологиясындағы теориялар арқылы адам мәселесін тереңірек түсінуге жол ашатын және көптеген жаңа міндеттерді шешуге бағдар беретін жұмыстарды зерделеу.

Зерттеу пәні етіп белгілі неміс психолог-теоретигі Эрих Фроммның идеяларының философияға, антропологияға, тарихқа және әлеуметтануға ықпал еткенін көрсету.

Зерттеу өзектілігі - Қазіргі таңда орын алып отырған мәселелер қатарында, қанша жылдар өтсе де адамды қоршаған мазасыздық айқын көрініс береді: өз еркіндігінен бас тартып, оны тіпті қажет болған жағдайда әртүрлі ықтимал диктаторларға беріп қою немесе айырбастауы, кейде оған бей-жәй қараудың салдарынан жоғалтып алуы, адам өзінің еріксіз машинаның жәй бөлшегіне айналып жатқанын байқамайтын күйде қала беруі және өзінің құндылықтық мәнін жете бағалай алмауы алаңдатады. Жігерлі, еркіндіктегі адам емес, керісінше, жақсы киінген және жақсы «дұрыс тағамдар» ішетін «автоматтандырылған» адамға (өйткені, осыларды ол басты құндылықтар деп санайды) айналып кету қауіпіндегі адам екендігін көруге болады.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Философия, адам психологиясы, аксиология, мәдениет антропологиясы ғылымдарындағы жалпытеориялық, герменевтикалық, логикалық, компаративистикалық әдістерді қолдана отырып адам мәселесіне қатысты зерделенген белгілі ыңғайларды талдау.

Адам туралы мәдениет философиясы тарихындағы тұжырымдамалар.

Жалпы адамды қарастырудың философиялық тәсілдері де жеткілікті. Ежелгі заманнан бері адамның мәндік сипатын, оның өмірдегі орнын анықтауға ұмтылған көптеген философтар болған.

Ежелгі Батыс философиясында адам мәселесіне қарай бетбұрыс жасаған алғашқылардың бірі Сократ - адамның мәнін оның моральдық табиғатынан іздеп, оның құндылықтар мәселесімен байланысты екенін көрсетуге ұмтылды, Протогор «дүниенің бар өлшемі адам» деп, бар мәселені шешуде оның қабілет мүмкіндіктерін алға тартты, ал Шығыс философиясында адам мен табиғат үйлесімділігінен туындаған «жетілген адамның», моральды-этикалық борышын өтей алатындығына назар аудара отыра, оны құрметтеу, бағалау керектігін тұжырымдады.

Ортағасыр философиясы адамды теологиялық тұрғыдан түсіндіруге тырысты: батыстық ойшылдардың жазған еңбектерінде христиандық дүниетаным жүйесінде: бойына жоғары күштерден сіңірген ерекше қасиеті мен оған деген ілтипаты бар адам тұр, тіпті құдайдың өзі де адам бейнесінде көрсетіледі; шығыстық ойшылдардың дүниетанымдық көзқарасында құдайды құдырет деп тани білетін, оны мойындау арқылы адалдығы мен адамгершілігі, қайырымдылығы мол, құдайға деген сүйіспеншілігі жоғары адамдар қоғамын көрсетуге деген ұмтылыс байқалады.

Жаңа заман мен Қайта өрлеу дәуірлерінде бұрынғы қалыптасқан құндылықтардың орнына адамды, оның қабілетін дәріптейтін жаңа адамның бейнесін жасаушы ойшылдар мен философтар келді. Олар енді адамды өз тағдырына өзі жауап беретін, шығармашылық қабілетке толы, әлемнің, қоршаған ортаның құпиясын ашуға ынталы ізденімпаз адам тұрғысынан көрсетуге бетбұрыс жасайды.

19-20 ғасырлардағы адамзат баласының өсіп-өркендеу жолында көптеген санқилы шытырман оқиғалар мен соғыс жағдайындағы басынан кешкен сынақтарын ескерген, енді бейбіт өміріндегі жетістіктері және бірізді жүйеге негізделген кешенді бағдарламалар мен тағы да басқа адам санасына ой салатын, ненің мәнді, құнды екенін көрсететін жаңа дүниетанымдық көзқарастар мен философиялық тұжырымдар келе бастады.

Жиырмамыншы ғасырдың ғылым тарихында орын алған ғылыми- ізденістердің басты бағдары мен ерекшеліктері ғылымдардың тоғысуы мен өзара ықпалдасу нәтижелерін жинақтай

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences отыра адамның ішкі табиғатының әралуан ерекше жақтарын анықтау, сонымен бірге олардың қоғамдық сананың дамуына ықпалын, адамның қоршаған әлеммен қатынасын, оны қабылдай алуын анықтау; болып жатқан үрдістердің әсерінің тиімді немесе осал тұстарын көрсету және қоғам сұранысынан туындаған талаптарға сәйкес зерделеу мен ғылыми методологиялық талдаулар арқылы түсіндірудегі ұмтылысты көруге болады.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Эрих Фроммның «Еркіндіктен қашу. Адам өзі үшін» атты еңбегінің басқа ғылымдарға ықпалы бола тұра, оның теоретикалық ойлары кейбір ойшылдардың сыни пікірлеріне ұшырады. Соған қарамастан, Фроммды көпшілік замандастары «адамдар санасында революция тудыратын идеялардың авторы» қатарына қосқан болатын. Фроммның «гуманистік психоанализ» бағытындағы ұсынымдары, өзінің тәлімгері З. Фрейдтің еңбегіндегі «биологиялыққа» және «мифологиялыққа» қарсы келіп, кейін оларды сын елегінен өткізуі нәтижесінде фрейдизмді әлеуметтік теориялармен ұштастыра алуымен байланысты болды. Бұның өзі оған жаңа қоғамдық үйлесімдегі құрылымды психоаналитикалық модель тұрғысынан «салауатты қоғам», «әлеуметтік және индивидуалды терапия» негізінде қарастыруына жол ашты [2].

Сонымен бірге, Фромм, К. Маркстың «адам-әлеуметтенудің нәтижесі немесе социумның жемісі, оның бар іс-әрекеті орын алған әлеуметтік факторларға тікелей байланысты» деген концепциясын мойындайды, және оның себебі, зерттеушінің әлеуметтік жағдайлардың адамға ықпалын жоққа шығара алмауында, бірақ, сонымен бірге, маңызды шешуші мәнділікті ол бейсаналық мотивтерге беретінін де байқауға болады.

Сөйтіп, психоанализ тек ғылыми-теориялық жетістік болып қана емес, сонымен бірге практикалық терапияға ауыса бастайды, кейде оны өмір философиясы дәрежесімен де байланыстыратындар бар. Бұл ізденістердің Фроммның қол жеткізген жемісіне айналуының себебі және біздің ерекше назар аударуымызға негіз болуы, оның философияның қарастыратын сұрақтарының бірі еркіндік мәселесінің психологиямен, адам психикасының ерекше тұстарымен байланысты болуында. Яғни, Фромм адамды бөлек психикалық процестің ерекше нысаны ретінде емес, өмірлік ұстанымдар негізі болатын, этика мәселелерімен тұтастықта қарастыра алды [3, 348 б.]. Сондықтан, оның психоанализді этиканың басты мәселесі деп тануы да, этикадағы жалған құндылықтарды жойып, олардың орнына объективті және дұрыс тәртіп қалыбының негізін қалыптастыруға болады дегені де біздер үшін тартымды болды. Ал, біздер үшін адамның құндылықтық мәні оның еркіндігі мен әдебінде екені айқын.

Соңғы кездері жиі еститініміз «адамдар ұсақтанып кетті» деген сөзтіркестері. Бұндай ойды алғаш рет айтқан батыс ойшылдары Фридрих Ницше, Жан Поль Сартр тағы басқалары, «жаңа адамды» аңсағандықтарымен белгілі болды, солардың ішінде француз ойшылы, публицисі, философы Альбер Камю еді. Ол жиырмасыншы ғасырдың адамы алдыңғы ғасыр адамына қарағанда «ұсақ, тар, сыңаржақты, тартымсыз, бірөлшемді адамға» айналып барады деп қынжылына мойындаған еді. Ол өзінің «Бүлікші адам» эссе негізінде жазылған еңбегінде жаттанған, және өшпенділікке толы өзіншіл қоғамдағы адам өмірінің мәнсіздігі мен оның өз мәселесінде жалғыздығын суреттейді [4]. Ал, «Бөгде» повесі адамның өркениеттен алшақтауына себепкер болған нәрсе, өмірдің мағынасының жоқтығын ұғынғандығы туралы және адамның ажал туралы экзистенциалды ойларға берілуіне барып тірелуі мен туғандарына да аяушылықтың жойылуы, адам өлімі қаупінің іске асырулуы ашық мазмұндалады [5].

Қазіргі қоғамдағы адам мәселесі.

Оның ішінде ең жиі көрініп жатқан жағдай жастардың өзінің және басқаның өміріне қол салуы, өзінің мүмкіндіктерін жете бағалай алмауы алаңдатады. Бұны еш уақытта назардан тыс қалдырмауымыз кере, өйткені адам және оның өмірі ең басты құндылық. Егер осындай мәселелерге философтар, ойшылдар тарапынан көңіл бөлінбесе, айтылмаса, жазылмаса «жабулы қазан» болып қала берер еді.

Ол тек еуропалық адамға ғана қатысты мәселе болып отырған жоқ, адамзат қоғамына ортақ екенін жоққа шығара алмаймыз. Өйткені, жаһандану дәуірінде мұндай жағдайлар кең етек алуда. Бүгінде күні кез келген процестердің бір-біріне ықпалын мойындауға тура келеді, өйткені коммуникацияның қарқынды дамуы ақпараттық қоғамның орнығуына, ақпараттық қамтылым, ақпараттың көптігі т.с.с. келді. Соның салдарынан, әр адамның жеке шешім қабылдау мүмкіндігінің азаюы, жауапкершіліктің төмендеуі немесе немқұрайдылық пен енжарлықтың орын алуын байқауға болады. Өз еркімен, қалауымен әрекет жасайтын субъект басқа біреудің мүддесін, қызығушылығын дәріптеуге және еліктеуге көшкен сыңайлы.

Соңғы мәдениет жетістігі болып табылатын «Жасанды интеллектіні» жасаған адамның өзі. Сөзсіз, оның жаңалығы, адамзаттың үлкен жетістіктерінің қатарына жатады. Десек те, ол қарапайым халық арасында тек жұмыссыздықты туындатып қана қоймайды, адамның өзін-өзі сенімді қожайын ретінде сезінуінен де, болашаққа деген сенімінен де айырып, үлкен масштабтағы ірі-ірі өндіріс қажеттіліктерінің алдында өзін жәй кішкентай әлсіз адам ролінде қалуына себепкер болып, техникаға тәуелділікті барынша мойындауына әкелетінін де болжауға болады.

Қарапайым көпшіліктің интеллектуалды дамуының тежелуі де осындай «жасанды интеллектінің» еншісіне берілмек, өйткені адамның барлық ойлау, логикалық пайымдау қабілеттері «керексіз» болып қалуы жағдайлары орын алуы ықтимал. Біздің ойымызша, «жасанды интеллектінің» адам мүмкіндігінің шектеулі, жеткіліксіз болған жағдайында ғана пайдаланылғаны дұрыс, мысалы, медицинада, құтқарушылар қызметінде т.с.с. салада өз пайдасын берері талас тудырмайды, дегенмен, адамды техникамен ауыстыру барлық жағдайда өзін ақтамай оның құнсыздануына әкелуін ескерген жөн болар еді.

Соңғы жылдары «ақпараттық революцияның» өзі де адамдардың дүниетанымына, дүниеге көзқарасына, психикасына ауыр әсер етіп жатқанынын күнделікті өмір көрсетіп отыр. Адам өзінің табиғатынан үміттенуді жақсы көреді, өйткені ол сезім тыныштық береді, бірақ күтпеген жағымсыз ақпараттың ықпалы салдарынан көңілі құлазып бір сәтте күдіктенушіге айналуы, стресс пен агрессияға беріліп кетуі де мүмкін. Санасына кері әсер ететін факторлар орын алған жағдайда әсіресе – қауіпті. Қоғамдағы өз-өзіне қол жұмсау – үлкен мәселе болып отырғаны белгілі, өйткені ақпарат өте көп, оларды сараптап қабылдау және таңдау жасау адамға оңай емес, ол кейбір жағдайларда дәрменсіздік те танытады. Әсіресе сана - сезімі әлі толық қалыптаспаған, өмірлік тәжірибесі жеткіліксіз жастарға қиын. Осы жағдайда біз адамның моральды-психологиялық тұрғыдан бағалануы және оған көңіл бөлінуі қажеттілігін, әсіресе отбасындағы қамқорлықтан басталатын қолдауды көргіміз келеді. Ол үшін ата-ананың психолого-педагогикалық сауаттылығын арттырып, сенім мен рухани құндылықтарға негізделген қатынасын және жауапкершілікті қалыптастыру маңызды. Кейінгі кездері, бейбітшілік заманында, адамның болашаққа ұмтылысын өзінің жетістіктерімен бағамдаған сәтте де адам баласы тағы басқа сынақтарға қалып отыр. Бұл да мәдени-саяси ахуал аясындағы адамның құнсыздануының бір көрінісі болар. Ресей мен Украинаны айтсақ та жеткілікті. Осы екі елдің өзара келіспеушіліктері әлемдегі барлық саяси-экономикалық ахуалға ықпалын тигізуде, ал қанша мың адам босқындық жолға түсуге мәжбүр болды, қаншасы осы кикілжіңнің құрбаны болды. Бұндай соғыстардың көршілес елдерге тигізер зардабы да аз емес. Адами құндылықтар тұрғысынан алғанда әсіресе. Адам өмірі мен өзі де қайтып оралмайтын құндылықтар.

Құндылықтардың мәнін ұғынуда ресми ақпараттың бұрмалануы салдарынан қоршаған ортадағы жағдайды танып-білуіміз қиындап кетті. Ғаламтор желілерінің аса қажет құндылықтар санатына жетуі орын алды. Әлі де бәсеңдемей келе жатқан сынақтар алдында тұрмыз, оның шешілу амалдары іздестіріліп жатқанымен қандай нәтижеге келетініміз белгісіз. Адамның өзінің қандай құндылықтарды таңдауы немесе оларға ұмытылуы да оның өзіне байланысты болғанымен, олардың қаншалықты шынайы әрі қажет екенін саралап біле алмауы «ақпараттық басымдықтың» санқилы салдарынан, адамның өзін-өзі «жоғалтып» алуынан, сөйтіп, саналы түрде

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
таңдау жасауын қиындатты. Бұны біз жаһандану дәуіріндегі адамзат баласының басынан кешіп жатқан тарихи процестері дейміз. Десек те, ақиқат құндылығын жоққа шығара алмаймыз, онсыз өмірдің мәні кетеді, сондықтан мемлекеттік идеологияның пәрменді ықпалы мен жаңа бағдарламалар қажет. Ғылым мен техниканың дамыған дәуірінде, ғылымның барлық тіршіліктің сан-саласына жетекшілік ету кезеңінде адам баласының басынан өтіп жатқан қиындықтар көбеймесе азаймай тұр.

Сциентистердің ғылымды шектен тыс әсіреле бағалауы сынға тартылып отыруы, оның адамзат қоғамына кері әсерін тигізуінің басымырақ болуынан шығар, дегенмен, егер саяси-мәдени ахуал жер бетінде біркелкі дамиды дегендікке ие болған жағдайда ғылымға ондай сыни пікірлер айтылар ма еді. Рас, техника мен технологиялар адам өмірін жеңілдетті, көптеген жетістіктер адамның оңтайлы қызмет жасауына өте көп пайдасын тигізіп, өркениеттің жаңа даму сатысына көтерді. Оны мойындауымыз керек.

Бірақ, антисциентистердің тезистері қазіргі таңда неге өзекті болады? Себебі: олар адамзаттың дамуында табиғилықты басшылыққа ала отыра, бірінші орынды адамға, оның сана-сезіміне, психо-физиологиялық, биологиялық тұрғыдан адамның еркін дамуына беріп, оны осындай «кері ықпалдардан» сақтап қалу қажеттілігін ескертуінде. Бұны да адамның табиғи болмысының сипатын көрсету арқылы түсіндіріп көруге болады. Байқасақ, барлық адамзаттың түр сипаты бір ғана индивидтің бойынан табылады. Адам – бұл «Ол», және ол - осының «бәрі». Ол – өзінің барлық ерекшелігі және осы тұрғыда бірегейі; сонымен бірге ол адамдық түрдің барлық ерекше қасиетті сипатының тасымалдаушысы. Оның индивидуалдық тұлғалық ерекшеліктері адамдардың бәріне тән тіршілік етуімен анықталады. Сондықтан, адамдардың тұлғалық сипатын қарастырмас бұрын, оның адамдық жағдаятына назар аударуымыз дұрыс болар. Бұны біз адамның экзистенциялық концепцияларын психологиялық, антропологиялық-философиялық негізде қарастырудың тиімділігін көрсету үшін жасаймыз. Басты назарды адамның биологиялық қауқарсыздығына аударсақ, оның неліктен солай болғанын түсіндіріп кету қажет. Адамның басқа тіршілік иелерінен ерекше екендігін көрсететін бірінші элементі – негативті бола алуы немесе жағымсыз болуы, адамның қоршаған ортаға бейімделуі процесіндегі инстинкті реттеушілігінің жеткілісіздігі. Оны да түсіндіруге болады, өйткені адам тарихи эволюцияның биігіне өзінің жануарлар әлемінен өзгеше екендігімен келді: өзінің саналы, олардан бөлек екенін сезінді; өткенді есте сақтай алды, болашақты болжай білді; өз әрекеттерін, заттарды символдармен белгіледі; әлемді игеру мен түсінуін ақыл-оймен зерделей алды; сонымен бірге қиялдай алуының арқасында ол өзінің түйсіну аясынан шыға білді. Соған қарамастан, адам табиғатынан тіршілік атаулыларының ішіндегі әлсізі, бірақ осы биологиялық қауқарсыздығы оның қызметінің күшті негізі, оның адамдық қасиетінің дамуының алғы шартты себебі болып табылады. Адамзат өз тарихи дамуында экзистенциялық дихотомияны басынан кешеді. Адам табиғат бөлшегі, оның физикалық заңдылықтарының субъектісі. Оларды өзгерте алмайды. Солай бола тұра, ол адами табиғаттың шегінен шығып кетеді. Табиғаттың бөлшегі бола тұрса да, ол – жекеленген. Жападан жалғыз қалғандай күй кешеді, оның осы әлемге өзінің ықтиярынсыз әкелінгенін түсінсе де, ол ештеңені өзгерте алмайды. Солай, адам ешуақытта өзінің ақылынан да шығып кете алмайды. Тіпті өзінің өмірінің шектеулі екенін білсе де одан қашып құтыла алмайды; тіпті өз денесінен де өз еркімен шыға алмайды, ал ол болса, өмір сүруге мәжбүрлейді. Ақылы, зердесі ол адамға берілген бақыттың сыйы, бірақ бұл да оған қарғыс болмақ. Өйткені, ол тіршілік ету дихотомиясының шешілмейтінін шешу үшін мәңгі еңбек етуге оны мәжбүрлейді.

Адамға тән биологиялық қажеттілікті өтеуді ғылыми тұрғыдан З. Фрейд түсіндіруге тырысты [6], бірақ оның теориясындағы тұжырымдар біздерді адам үшін өмірдің мәні онымен ашылмайды деген ойға әкелді, өйткені адам жәй ғана тәндік әуестенуден, тамақтанудан немесе басқа физиологиялық қажеттілікті өтеуден, бәрінен жоғары бола алады. Ол өзін тежей алады, махаббат сезімін одан да биік сатыға көтере алады. Бірақ, қандай да бір осындай қажеттіліктерді

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences өтесе де ол қанағаттанусыз қала береді. Өмірдің мәнін адамның биологиялық табиғатынан көруге барынша ұмтылғанымызбен одан нақты шешім табу мүмкін еместігін байқаймыз. Оны өмірдің өзі көрсетіп отыр. Әсіресе соңғы жылдары қоғамда орын алып бара жатқан мәселер ішінде жынысын өзгерту, біржыныстық некелер демографияға кері әсерін тигізетін жағдаяттар ғана емес, сонымен қатар санадағы орын алған еліктеушілік, тәндік, биологиялық сипаттағы ауытқушылық деп түсіндіруге болады. Адамдық мотивацияны түсіну қажеттілігі адамдық жағдаятты түсінуден басталуы керек деп ойлаймыз. Тіпті барлық қажеттілігін (биологиялық, физиологиялық т.б.) адам өтесе де ол қанағаттанудан алыс, олардың өтелуінен адамның мәселелері шешілмейді, керісінше, бар мәселе осы жерден басталады деп айта аламыз.

Сонымен бірге, адам өміріндегі үйлесімділіктің бұзылуы басқа да қажеттіліктерді туындатып, оның бойындағы хайуанаттыққа (бейсаналыққа) жақын қажеттілігі шегінен асып кетуіне әкеледі. Жалпы барлық қажеттіліктер адам мен табиғат арасындағы тұтастық пен тепе-теңдікті табанды орнықтыру ұмтылысынан да көрінеді.

Адам бұл тұтастық пен тепе-теңдікті ең алдымен ойында өрнектеп келтіруге тырысады, ол жүйелі қызмет ету координаты болып табылады. Жалпы әлемнің ментальды картинасын құрастыру арқылы өзіне жауап алады және өмірде өз орынын тауып, не істеу керек екендігін түсінеді. Бірақ, мұндай ойша жасалатын жүйе жеткіліксіз. Егер адам физикалық дене иесі болмай, тек ақыл-ой иесі болып қана тұрса, онда сол ойы арқылы мақсатына жетуіне болар еді. Әйтсе де, ол тек ақылды жан ғана емес. Ол өзінің тіршілік дихотомиясына тек ақылмен ғана емес, сол тіршілік қажеттілігіне орай жауап беруге мәжбүр. Адамның қажеттілік бағдары мен бас иіп, табынуына қарай жауаптарының мазмұны мен формасы әркелкі. Тарихи орын алған түрлі қарапайым жүйелер бар: анимизм, тотемизм т.б., бұлар адамның өз сұрақтарына жауапты табиғаттан немесе ататектен алғанын көрсетеді. Сонымен бірге атеистік емес, буддизм секілді т.б. жүйелер бар, оларды діни деп те айтамыз. Сондай-ақ, құдай ұғымының көмегімен адам баласы өмірдің мәнін іздеген сәттерінде жауап беретін монотеистік жүйе мен стоиктерден бастау алған философиялық жүйелер де болған.

Дегенмен, астын сызып айта кетейік, басқа да көптеген толық зайырлы болып есептелетін әуестену (еліктеу) жүйелері бар, бірақ, олар да сол қажеттіліктерден басталғанын айтып кетуіміз керек. Міне, бұларды жалпы өзімізге түсінікті тілмен «бағдарлар мен табыну жүйесі» деп атауымызға болады, оның арғы жағында әрине құндылықтық бағдар болуы мүмкін.

Қазіргі уақытқа келсек, мәдениетіміздегі мындаған адам жетістік пен беделге табынады. Кейбір мәдениеттерде тіпті үстемдік пен басқыншылық, диктаторлық жүйеге деген әсірежанкүйерлік пен шынберілгендікті көреміз. Бізді өте жеңіл алдайтын зайырлы мазмұндағы мақсаттарды біз квазибиологиялық немесе жыныстық әуестену салдары деп түсіндіреміз. Біз құмартудың күшіне таңғаламыз, кей кездері жиірек ұшырасатын жағдай, оның күші өзімізді сақтап қалу ұмтылысынан да күштірек байқалады.

Ақылға қонымсыз (иррационалистік) әуестенулер мен ауытқушылықты түсінудің кілті бар, ол зайырлы деп құрастырылған мәдениеттегі әуестенудің табиғатын түсінуімізге байланысты. Әрине, бұларды жеке дара жауаптар қатарына жатқызуымызға болады. Өйткені, әр адамның өзінің ізденіс бағдары мен табынатыны бар. Адамдардың бәрі идеалистер, физикалық қанағаттанудан басқа тағы бірдеңелерге ұмтылады. Қандай да бір ең керемет, сонымен бірге жаман «ібілістік» ақылдың айқындалуына адамның тәндік қажеттілігі емес, оның «идеализмі», рухани жаны шабыттандырады. Сондықтан, қандай да бір релятивистік көзқарастағы идеалдың немесе діни сезімнің болуын өз өздігінен құнды деп қарастыру қате және қауіпті болуы мүмкін.

Біз мынаны ұғынуымыз қажет: барлық идеалдар, олардың ішінде зайырлы идеологиядағы идеалдар, бәрі де сол адамдық қажеттіліктерді көрсетеді; ақиқатқа қатысты, олар адамдық күштердің ашылуы қабілетімен байланысты; және әлемдік үйлесім мен тепе-теңдік адам қажеттілігіне қарай шынайы жауаптардың деңгейімен бағалануы тиіс.

Солай, адамдық мотивацияны түсіну, адамдық жағдаятты түсінуден туындайды. Адамдар бір-біріне ұқсас, дегенмен, барлығына бір адамдық жағдаяттар оның экзистенциялық дихотомиясымен беріледі; адамдар бірегей, өйткені әрқайсысы өзіне берілген адамдық мәселені өзінше шешеді. Адамзат тіршілігіне тән сипат тұлғалық әртүрліліктің шексіздігі. Психологиялық тұрғыдан, Тұлға деп оның бірегейлігін жасап, жалпы индивидтік сипатын беретін туа біткен және кейін пайда болған психикалық қасиеттерінің тұтастығын айта аламыз.

Жалпы алғанда, туа біткен және кейін пайда болған қасиеттермен талант және темпераменттің арасындағы айырмашылықтар бар. Темперамент реакция қабілетіне жатады және ол заңдылықты, өзгермейді; мінез болса, өз мәнінде, өзіндік қамығушылықпен қалыптасады, әсіресе, өмірінің бастапқы кезеңіндегі күйзелістерден және ол жаңа күйзеліс, қамығулардың салдарынан белгілі мөлшерде өзгермелі. Мысалы, егер адам холерик темпераментінің иесі болса, оның реакция қабілеті де «тез әрі күшті». Бірақ, ол несімен тез және күшті болатыны оның мінезінің әлемнің қай түрімен қатынасқа түскенімен байланысты. Ал егер адам әділ, жемісті нәтижені қалайтын, сонымен бірге жақсы көруші тұлға болса, әділетсіздікке ашуланып, ал жаңа идеяға еліктей алатын болса, онда ол басқа реакция береді - тез әрі шапшаң қабілетін көрсетеді. Егер адам деструктивті немесе садистік мінезді болса, онда сол қатыгездікте немесе деструктивтікте ол тез және күшті болмақ.

Сондықтан, біздің ойымызша, бұл мінез-құлықты қалыптастыру мәселесімен, яғни тәрбиемен байланыста қарастырылуы керек. Темперамент ерекшеліктерінің мәнін, оның адамның мінезін қалыптастыруда маңызды орнын этикалық тәрбие беруде ескеріп басшылыққа алуға болатынын да айтқымыз келеді. Темперамент пен мінезді араластыру этикалық теория үшін өте қауіпті салдары болуы мүмкін. Теорияда темпераменттің қандайын болмасын таңдауға әбден болады, ол адамның табиғатына байланысты. Бірақ, мінез аясындағы айырмашылық этикалық көзқарас тұрғысынан үлкен маңызды мәселе, темперамент адамның танымдық қабілетін дамытуда қандай үлес қоса алатынын зерттеп білу - кезекті ізденіс жұмыстарын қажет етеді.

Фромм, темперамент пен мінезді шатастырып немесе араластырып қарастыру ол этикаға тигізген нұқсан деп ескертеді. Оның ойынша, көптеген нәсілдердің өзіндік ерекше темпераменті болады, оларды еуропалықтармен салыстыруға болмайды және олар үшін мінезді сипаттау релятивистік тұрғыдан қарастырылады. Мінез сипаты мен темпераменттің ерекшеліктері этикалық теория негізінде қарастырылуы көптеген мәселелердің ара жігін ашқан болар еді деп тұжырымдайды ойшыл. Біз де бұл тұжырымдамамен келісеміз.

Қорытынды. Жоғарыда көрсетілген еңбектерді талқылау нәтижесінде біз адамның құндылықтық мәнінің оның морльды-психологиялық, дүниетанымдық, мәдени құндылықтық сипатымен байланысты екенін анықтадық.

Адам «адамзат түріне» берілген үлгі бойынша «тіршілік етпейді», өйткені адам өзі үшін өмір сүруі керек. Адам – сағынатын, көңілі толмайтын, жұмақтан қуылатынын сезінетін бірден-бір «жануар». Сондай-ақ, адам өзінің жеке өмірінде мәселелер туындатпай қоймайтын, оларды шешу жолдарын да міндеттейтін, одан кете алмайтын жалғыз тіршілік иесі. Өмірдің мәні оның толық өтелуінде ғана емес, әлеуметтік қызмет пен әлеуметтік міндеттерді өтеуде; даму – индивидтің бақыт пен еркіндігіне тәуелді болуы, тіпті мемлекеттің, қауымдастықтың амандығына қарағанда да маңызды, ол мәңгілік билік символдарынан тұрса да, индивидтің трансценденттігімен салыстыруға келмейді. Адам жалғыз бола тұра, басқалармен байланыста. Ол соншалықты жалғыз, қаншалықты ол бірегей жан, басқамен ұқсастығы жоқ және өзін басқалардан ерекше даралығын саналы түрде сезінетін жан. Бірақ, ол жалғыздықпен өмір сүре алмайды. Оның бақытты болуы жақын адамдармен, өткен және болашақ ұрпақтармен ынтымақтастық сезімде болуымен байланысты екенін көрсеттік.

Экзистенциялық дихотомиядан әлеуметік өмір мен көптеген тарихи келіспеушіліктер түбегейлі ерекшеленеді, өйткені, адамзат тарихының белгілі кезеңдерінде орын алған, сол

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences

уақытта немесе кейінірек адамның қатысуымен шешімін тапқан қайшылықтар адам тіршілігінің қажетті бөлшегі емес. Қазіргі материалдық қамтылымдағы техникалық құралдар мен оларды адамдардың аман-есен бейбітшілік үшін пайдалануы арасындағы қайшылық шешіледі, бұл сәйкессіздік маңызды емес, керісінше, адамдағы жігер мен парасаттылықтың жеткіліксіздігінен туындайтын мәселе бар, оны қысқаша айтып өттік. Экзистенциялық және тарихи дихотомияның бір-бірінен өзгешелегінің үлкен маңызы бар, өйткені олардың араласып кетуі салдарынан ұзаққа апаратын мәселе туындайды. Мысалы, кейбіреулердің қызығушылықтары осы тарихи қайшылықтарды сақтап қалуды көздеп, солай болуы керек, одан арыла алмаймыз, адам бұл қасіретті тағдырмен тек келісуі ғана қалды деп, солай олардың экзистенциялық мәнін көрсету арқылы түсіндіргісі келеді. Ал адам өз табиғатынан кездескен қайшылықтарды шешуге ұмтылатындықтан, оны я шешеді немесе ол қайшылықтарды өз санасынан ақылға жүгіне отыра алып тастайды, бірақ пассивті болып қала алмайды. Бірақ, соңғы кездердегі кездесетін кейбір немқұрайдылықты, енжарлықты көрсететін мысалдар бар, оларға тоқталып кеттік. Адам тарихи қайшылықтарға орай әрекет ете алады, өз қызметінде ол қайшылықтарды болдырмауға тырысады, бірақ қандай болмасын әрекет білдірсе де, ол экзистенциялық қайшылықтарды жоя алмайтынын айтамыз. Адам өзінің ақылына салып қаншалықты өзін ұстаса да, өзінің ішкі күйзеліс, тынышсыздығынан шыға алмайды. Сондықтан оның Мені қанағаттандырылмай мазасыз күйде қалады. Бірақ, одан шығу жолы бар, ол біреу-ақ. Ол – ақиқатқа тура қарау: Жаһандағы өзінің жалғыздығын, өзінің өзіне берілгендігін, тағдырының осы әлемде тек өзінің адами күшімен ғана шешілетіндігін және өзінің өміріне өзі ғана мән-мағына бере алатынын мойындау. Ол үшін адам әрдайым белсенділікке, табандылыққа негізділген өмірдің, өзінің құндылықтық мәнін түсінгенде ғана барлық мәселелердің шешімін тауып, адамзатқа берілген тіршілік ету заңдарына сәйкес толыққанды даму міндетін іске асыра алады деген түйін шығарамыз.

Адамның әрбір әрекет кеңістігіндегі қызметі мен жағдаяттарына назар аударылуы, талдануы және саралануы арқылы біз адам мәселесінің мәнін жан-жақты ашып біле алдық. Тарихи-мәдени тұрғыдан адам билікке, махаббатқа немесе жойқындық жасауға ұмтылады, ол гуманистік, саяси, экономикалық, әлеуметтік, діни мұраттары үшін өз өмірін қатерге де тіге алады, міне осы ұмтылыстар адам өмірінің ерекше сипатын ғана емес, сол сияқты адам болмысының құндылықтық мәнінің негізгі мәселесін де айқындайды.

Талдау нәтижесіне қарай ой салуды жөн көрдік: бұл мәселені педагогика және философия, аксиология, психология мен әлеуметтік мәдениеттану ғылымдарының тоғысуында орындалатын зерттеу, зерделеу жұмыстарында қарастыру және талдау арқылы адам мәселесін шешудің жаңа бір сатысын көрсету қажеттігі бар.

Осы идея қазақ ғалымдарының ізденістерінде орын алғаны көптеген мәселенің шешілуіне жол береді. Өйткені қандай бір адам өмірі мен оның дамуы, еркіндігі, этикалық өсіп-жетілуі, өзін-өзі тұлға ретінде сезінуі, қоғамдық нормаларға сәйкес әрекеттеніп қызмет етуі ол құндылықтық мәні бар күрделі және маңызы зор мәселе. Адамның құндылықтық мәнін ашатын белгілі жеке дара психологиялық немесе философиялық ғылыми-теориялық тұжырымдамалармен шектелуге болмайды. Қазіргі ғылымдағы тенденция да ғылымаралық синтез, ғылыми тоғысу, өрімделу болып отыр. Келешекте ғылыми синтездің ұлттық сипатта өрістенуіне, өрімделуіне көңіл бөлінуі керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Каирова Б. Ценности казахской культуры: Монография. Алматы: Әрекет-Print, 2007. – 277 с.
2. Фромм Э. Бегство от свободы. Человек для себя / Пер. с англ. – М.: АСТ, 2006. – 571 с.
3. Фромм Э. Бегство от свободы. Человек для себя / Пер. с англ. – М.: АСТ, 2006. – 348 с.

4. Камю А. Бунтующий человек. Философия. Политика. Искусство. Пер. А. Руткевич. М.: Политиздат. 1990. – 415 с.
5. Камю А. Посторонний. Пер. Н.Немчиной. М. Прометей. 1989. – 422 с.
6. Фрейд З. Я и Оно: Сочинения. М.: ЭКСМО - Пресс: Харьков: Изд-во «Фолио», 2002. – 864 с.

References

1. Kairova B. Cennosti kazahskoj kultury: Monografiya. Almaty: Əreket-Print, 2007. – 277 s.
2. Fromm E. Begstvo ot svobody. CHelovek dlya sebya / Per. s ang. – M.: AST, 2006. – 571 s.
3. Fromm E. Begstvo ot svobody. CHelovek dlya sebya / Per. s ang. – M.: AST, 2006. – 348 s.
4. Kamyu A. Buntuyushchij chelovek. Filosofiya. Politika. Iskusstvo. Per. A. Rutkevich. M.: Politizdat. 1990. – 415 s.
5. Kamyu A. Postoronnij. Per. N.Nemchinoj. M. Prometej. 1989. – 422 s.
6. Frejd Z. YA i Ono: Sochineniya. M.: EKSMO - Press: Har'kov: Izd-vo «Folio», 2002. – 864 s.

ПРОБЛЕМЫ ЧЕЛОВЕКА В ФИЛОСОФИИ КУЛЬТУРЫ

КАИРОВА Б.Е.*, АМАНИЯЗОВА Б.А.

*Каирова Бакит Елюбаевна – Доктор философских наук, профессор, Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, г. Ақтөбе, Казахстан.

E-mail: kairovabakit8@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-4797-6330>

Аманиязова Багдагул Айтбаевна — Магистр, преподаватель, Актюбинский региональный университет им. К.Жубанова, Ақтөбе, Казахстан

E-mail: baqdaqul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

Аннотация. В данной статье автор обращает внимание на ценность человеческого существования, объединяя важность силы воли человека с точки зрения психологического субъекта с исследованиями западных мыслителей. Существует достаточно философских взглядов на человека. С древних времен существовали философы, которые пытались определить сущностную природу человека и его место в жизни. В античной западной философии Сократ одним из первых обратился к проблеме человека, ища сущность человека в его нравственной природе и показывая, что она связана с проблемой ценностей. Протагор, говоря, что «мера мира — человек», подчеркивал его способность решать все проблемы. В восточной философии он подчеркивал, что «зрелый человек», рожденный в гармонии человека и природы, способен выполнять свои моральные и этические обязанности, и делал вывод, что его следует уважать и ценить. На наш взгляд, среди таких поисков можно выделить работы, которые посредством интеграции философии и психологии человека дают более глубокое понимание проблемы и направляют решение многих новых задач. Среди актуальных проблем мы видим тревогу, которая окружает человека, сколько бы лет ни прошло: кажется интересным отказаться от своей свободы, даже передав ее разным потенциальным диктаторам, если это необходимо, или потерять ее, глядя на нее равнодушно, чтобы человек не замечал, что он неизбежно становится всего лишь частью машины.

Ключевые слова: культура, человек, самореализация, философия, духовность, антропология

THE PROBLEM OF THE HUMAN IN THE PHILOSOPHY OF CULTURE

KAIROVA B.Y.*, AMANIYAZOVA B.A.

*Kairova Bakit Yelyubaevna - Doctor of philosophy, professor, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan.

E-mail: kairovabakit8@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0008-4797-6330>

Amaniyazova Bagdagul Aitbaevna - Master of arts, teacher, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan

E-mail: baqdaqul-1977@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0003-4018-8952>

Abstract. In this article, the author combines the importance of human willpower from the perspective of a

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар-Социально-гуманитарные науки-Social and humanities sciences
psychological subject with the research of Western thinkers, and draws attention to the value essence of human nature. There are enough philosophical approaches to considering a person. Since ancient times, there have been philosophers who have sought to determine the essential nature of a person, his place in life. Socrates, one of the first to turn to the problem of man in ancient Western philosophy, sought to find the essence of man in his moral nature and show that it is connected with the problem of values, Protagoras, saying that «the measure of the whole world is man», put forward his capabilities in solving any problem, and in Eastern philosophy, drawing attention to the fact that a "mature person" born of the harmony of man and nature can fulfill his moral and ethical duty, concluded that he should be respected and appreciated. In our opinion, among such research, we can pay attention to works that provide a deeper understanding of the problem and a guide to solving many new tasks through the integration of philosophy and human psychology.

Key words: human, culture, philosophy, self-realization, spirituality, anthropology